



№ 18 (1611)  
31 мамыр  
2016 жыл

www.kaznu.kz

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

## ТҮЛЕКТЕР – УНИВЕРСИТЕТ МАҚТАНЫШЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жыл сайынғы дәстүр бойынша Түлектер күні атап өтілді. ҚазҰУ-дың барша түлектеріне арналған салтанатты шара Қазақстан Республикасының 25 жылдығы мен Алматы қаласының 1000 жылдық мерейтойына арналды.



Барша ҚазҰУ түлектері күнін тойлау мерекесіне орай оқытушылар, студенттер мен ҚазҰУ түлектерінің қоғамдастығы студенттік кампус аумағында «Мәңгілік Ел» сәулет кешенін құру идеясын ұсынды. Мереке басында аталмыш кешеннің негізгі композициялық құрылымы – «Мәңгілік ел» студенттер мен түлектер триумфальды қақпасы, «Темірқазық» монументалды композициясы және субұрқағы бар «Тайқазан» алаңының таныстырылымы өтті. Алдағы уақытта бұл жоба бітірушілердің ортасында ерікті жарналар салу негізінде жүзеге асатын болады. Жиылған қауымды аталмыш жобалармен таныстырған Түлектер қауымдастығының атқарушы директоры Құлғазира Нұранқызы Меценаттардың құрмет тақтасының тұсауын кесті. Сонымен қатар түлектер Шығыстың ұлы ойшылы Әбу-Насыр әл-Фараби ескерткіші мен академик Ө.А. Жолдасбеков монументіне құрметпен гүл шоқтарын қойды.

Түлектер күніне арналған мерекелік жиында сөз бастаған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлы: «Әр университет жұмысының көрсеткіші – түлектері. Түлектерінің еңбек жолындағы үздік жетістіктері – университет үшін зор мақтаныш. Осы орайда ҚазҰУ түлектері қоғамның барлық саласында белсенді еңбек етіп, алдыңғы қатардан көрініп жүр. Өз ісінің шебері атанып, туған университетінің дәрежесін көтеріп жүрген барша түлектерімізге үлкен алғысымды жеткіземін», – дей келе, 2016 жылғы жас түлектерге ақ жол тіледі. Сонымен қатар ректор университеттің дамуына айрықша үлес қосқаны үшін «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 80 жыл» мерейтойлық медалімен бірқатар түлектерді марапаттады. Олардың қатарында геология-топырактану факультетінің 1954 жылғы түлегі

Н.Ә. Калимолдаев, белгілі драматург, журналист 1971 жылғы түлек С.Б. Балғабәев, химия факультетінің 1986 жылғы түлегі Д.Ж. Нүкетаева, химия факультетінің 1981 жылғы түлегі З.Г. Катранова және заң факультетінің 1981 жылғы түлегі Б.С. Рахимов болды.

Мерекелік кеште Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының төрағасы, ҚазҰУ Түлектер қауымдастығының президенті, з.ғ.д., профессор, заң факультетінің 1981 жылғы түлегі Қайрат Әбдіразақұлына сөз берілді. Қ.Мәми: «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жыл сайын мамыр айының соңғы сенбісінде атап өтілетін есте қаларлық ерекше мейрам бар. Ол – Түлектер күні! Бүгінгі кездесуге келген баршаңызды, университет басшылығы мен ұстаздарды, түлектер мен студенттерді атаулы мерекемен шын жүректен құттықтаймын. Бұл күні жиналғанның бәрі бірін-бірі көріп, тілдесіп қана қоймай, қайта оралмас студенттік жылдардың естеліктерін еске алудың тамаша мүмкіндігіне ие болады. Біз ҚазҰУ-мен, ҚазҰУ түлектерімен мақтана аламыз деп сеніммен айта аламын. Осы жылғы бітіруші әрбір жас түлек аға буыннан үлгі алуы қажет. Қасиетті қара шаңырақ қабырғасында алған білімін ел игілігіне жұмсау – әрбір түлектің міндеті», – деп сөз бастап, одан әрі Түлектер қауымдастығының біржылдық жұмысын қорытындылады. Сонымен қатар ол алда жасалатын жобалармен таныстыра отырып, сахнаға белгілі акын, ҚазҰУ түлегі Олжас Сүлейменовті шақырды. Университет басшылығы даңқты түлегін «Қазақстанның Еңбек ері» атағын иеленуімен құттықтай отырып, «ҚазҰУ-дың № 1 белді түлегі» медалімен марапаттады. Сондай-ақ Олжас Омарұлы Түлектер қауымдастығының атынан үздік студенттерге шәкіртақылар табыстап, білім жолында сәттілік тіледі.

Жалғасы 8-бетте

Библиотечный фонд Института Конфуция при КазНУ пополнился уникальным выпуском учебного пособия на китайском языке «Аль-Фараби и современность».

## Наследие Аль-Фараби изучают в Китае

Казахстан является стратегическим партнером Китая в реализации глобального проекта «Один пояс – один путь». Свою лепту в этот процесс вносят и университеты, как точки роста новой инновационной экономики, основанной на знаниях. Важным направлением работы КазНУ является деятельность в качестве Хаба по Центральной Азии Альянса университетов Шелкового пути.

Недавно в КазНУ состоялся Консультативный Совет Институтов Конфуция совместно с Ланьчжоуским университетом. В четырехстороннем заседании Консультативного Совета участие приняли Делегации КазНУ, Ланьчжоуского университета, Ташкентского государственного института Востоковедения, Тбилисского Свободного университета.

Продолжение на 3 стр.

## Келешекке бастайтын жол

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жуырда VIII «Келешекпен байланыс» медиа конгресі өтті. Оның жұмысына Түркия, Қырғызстан, Түркіменстан, Әзірбайжан, Тәжікстан, Грузия, Македония, Косово, Румыния, Болгария, Қырым (Украина), Татарстан, Қарақалпақ (Өзбекстан), Керкүк (Ирак), Шығыс Түркістан (Қытай), Ауғанстан, Ресей т.б. елдерден 80-ге жуық түркітілдес жас журналистер қатысты. Аталмыш шара аясында «Босқындар» тақырыбымен журналистердің фотосуреттер көрмесінің ашылу салтанаты өтті.

Жыл сайын әлемнің түкпір-түкпірінде өтіп келген ауқымды шара биыл Қазақстан, Қырғызстан мемлекеттерінде жалғасын тапты. Конгрестің басты мақсаты – түркі елдеріндегі журналистердің ынтымақтастығын арттырып, кәсіби тұрғыда серіктестікті нығайту. Осы орайда, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры академик Ғалым Мұтанов түбі бір түркінің рухани және тарихи құндылықтарын бірігіп насихаттау, түркітілдес БАҚ арасында жедел ақпарат алмасу, т.б. ортақ мақсат-мүддені көздейтін жана жобаларды алдағы уақытта жүзеге асыру керектігін айта келіп, «Еліміздің ақпарат кеңістігінің көкжиегі күн сайын арта түсуде. Сол кеңістікке талпынған бүгінгі жиынға қатысып отырған жастардың құлшынысы мен ұмтылысы да көңілге жылылық ұялатуда. Болашақтарын сөз өнері әлемімен байланыстыруды мақсат тұтқан сондай жастар жыл сайын аталмыш конгрестің ақпараттық кеңістігінде шеберліктерін шыңдауға мүмкіндік алууда.

Жалғасы 4-бетте

### БҮГІНГІ САНДА:

АШЫҚ ОНЛАЙН КУРСТАРЫ –  
БАРШАҒА ҚОЛЖЕТІМДІ



2-бет

256 СЕРТИФИКАТОВ  
HEWLETT-PACKARD  
ДЛЯ КАЗНУ



3-стр.

ИНДИЙСКИЕ  
КАДЕТЫ В КАЗНУ



4-стр.

# КАЗНУ – ЦЕНТР ПРЕВОСХОДСТВА «COMSATS»

КазНУ им. аль-Фараби является единственным из вузов СНГ, ставший членом авторитетной международной межправительственной организации «COMSATS» (Комиссия по науке и технологиям в целях устойчивого развития на Юге).



Institute of Information Technology

В этом же году, 17-19 мая, в г. Исламабаде (Пакистан) состоялось очередное заседание Координационного совета, где был заслушан отчет КазНУ о проделанной работе за год. Результаты научно-образовательной и инновационной деятельности КазНУ были высоко оценены экспертами международного уровня. Также особо отмечено, что университет известен как центр передового опыта, имеющий международную известность и выполняющий большую работу, возглавляя глобальный Хаб программы ООН «Академическое влияние» по устойчивому развитию.

Сегодня КазНУ входит в число наиболее высокотехнологичных вузов мира, что доказывает правильность выбранного им курса на трансформацию в исследовательский университет мирового уровня. КазНУ – крупнейший научный и образовательный вуз страны, объединяющий 8 НИИ, более 30 центров и лабораторий научно-технического и гуманитарного направлений. Большая доля научных исследований, финансируемых государством, осуществляется в стенах КазНУ, 10% этих средств направляется

на поддержку молодых ученых.

Разработки ученых университета внедряются в производство, а научные работы публикуются в высокорейтинговых изданиях, входящих в базу данных «Scopus» и «Thomson Reuters». КазНУ – первый и единственный в Казахстане вуз, который международным агентством «Thomson Reuters» был награжден специальным дипломом «За выдающиеся достижения в области науки».

Следует отметить, что сегодня КазНУ уже конкурирует с ведущими университетами мира. По результатам исследования авторитетного рейтингового агентства QS прошлого года университет первым из вузов Центральной Азии вошел в топ-300 и занимает 275 место в числе 800 самых лучших вузов мира.

Организация «COMSATS», образованная в 1994 году, объединяет 25 стран Азии, Африки и Латинской Америки, штаб-квартира которой расположена в г. Исламабаде (Пакистан). Реализация международных проектов «COMSATS» осуществляется под эгидой и при непосредственной поддержке таких известных международных организаций, как ЮНЕСКО, ИСЕСКО, Организация исламского сотрудничества, Организация индустриального развития ООН, Исламский банк развития и др.

ПРЕСС-СЛУЖБА

## ■ ҚЫСҚА-НҰСҚА

На юридическом факультете в рамках проекта «Освети мир вокруг себя» прошла встреча с учащимися средней школы №48 г. Алматы. Целью мероприятия является создание положительного образа университета и факультета, формирование представления о направлениях их деятельности.

Преподаватели юридического факультета рассказали школьникам о системе обучения в КазНУ, провели экскурсию по юридическому факультету. Ребятам был продемонстрирован зал судебных заседаний и лаборатория трасологических исследований. Преподаватели кафедр кратко разъяснили ребятам порядок, процедуру и особенности уголовного судебного разбирательства в РК. Школьники также посетили Научную библиотеку университета и музей выдающегося мыслителя Востока Абу Насра аль-Фараби.

С.Б. ДҮЗБАЕВА,

преподаватель кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики

\*\*\*

Философия және саясаттану факультетінің №9 Студенттер үйінде Кіші Фараби академиясының ұйымдастыруымен «Гринкампус» жобасы аясында «Болашақтың энергиясы (ЕХРО-2017)» атты дөңгелек үстел өтті.

Шараның басты мақсаты – 1851 жылдан бастау алып келе жатқан Бүкіләлемдік көрмелер тарихы мен 2017 жылы Қазақстан Республикасында өтетін ЭКСПО көрмесінің біздің еліміз үшін қажеттілігі мен маңызы туралы ақпарат беру.

Дөңгелек үстелде, алдымен, философия мамандығының студенттері «Экспо 2017» жобасының Қазақстан үшін берер пайдасы мен жобаның жеті бағытын ашып көрсететін таныстырылым жасап, сөз сөйледі. ЕХРО-2017 көрмесінің «Болашақтың энергиясы» тақырыбы ең үздік әлемдік энергияны сақтау технологиясын пайдалануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ көрме елдің өндірістік қуаты мен ғылыми базасын технологиялық жаңғырту және экономиканы жүйелі әртарапандыру үшін қуатты серпін беретіні анық. Осындай шаралар студенттердің ой-өрісінің жан-жақты дамуына ықпал ететініне сеніміміз мол.

ПІРІМБЕК СҮЛЕЙМЕНОВ,

философия кафедрасының доценті

\*\*\*

Преподаватели кафедры иностранных языков провели воспитательное мероприятие в рамках проекта «100 книг», посвященное обсуждению повести американского писателя Джека Лондона: «Белый клык». Студенты приняли активное участие в дискуссии по обсуждению произведения. Повесть была переведена на многие языки мира, а дискуссия прошла на немецком и английском языках.

Благодаря проекту «100 книг» у студентов повысился интерес к изучению иностранных языков, они значительно улучшили свои коммуникативные навыки и преодолели языковой барьер. И самое главное, участие в этих мероприятиях обогащает их внутренний духовный мир, помогает им сформировать четкую нравственную позицию и развивать культурные ценности.

Е.И. ЛУГОВСКАЯ,

ст. преподаватель кафедры иностранных языков

## ■ РЕКТОРАТ

# АШЫҚ ОНЛАЙН КУРСТАРЫ – БАРШАҒА ҚОЛЖЕТІМДІ

Кеше өткен Ғылыми кеңес және ректорат отырысында PhD-докторанттардың 2015 жылғы қорғау нәтижелері мен биылғы PhD-докторанттардың қорғауға дайындықтары және жаппай ашық онлайн курстарды дайындау, ұйымдастыру жайы талқыланып, университетімізде 28 мамыр күні кең көлемде атап өтілген Түлектер күнінің нәтижелері сөз болды. Аталмыш отырысты ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлы ашты.



жұмыстарын қорғауға дайындық деңгейі жөнінде толықтай айтып өтті.

Ректорат мүшелерін PhD-докторанттардың қорғау нәтижелерімен құлағдар еткеннен кейін жаппай ашық онлайн курстарды дайындау және ұйымдастыру жұмыстары жөнінде хабарлау үшін мінбеге Қашықтықтан оқыту институтының директоры Е.С. Әлімжанов көтерілді. Ол өз сөзінде: «Жаппай ашық онлайн курстары көп қатысушыларға орайластырылып жасакталған. Курска интернетке қосылу мүмкіндігі бар кез келген ниет білдіруші қатыса алады. Қатысушыдан біліктілік категориялары талап етілмейді және әрбір қолданушыға курс базасына жүктелген ақпараттар тегін таратылады. Сонымен қатар, кез келген қатысушы жасакталған жоба ішіндегі белгілі бір курстарға ақылы түрде қатысып, арнайы сертификат алу мүмкіндігіне ие. Мұндай онлайн курстары қазіргі таңда әлемнің көптеген ғылым-білімі өркендеген мемлекеттерінде жүзеге

асырылуда. Біздің елімізде ЖОО-лар арасында ең алғашқылардың бірі болып ҚазҰУ қолғалы алып отыр», – деп айта келе, одан әрі осыған дейін жоба төңірегінде атқарылған істермен таныстырды. Сонымен қатар алға қойылған жана қадамдар мен жоспарларға шолу жасап өтті.

Күн тәртібіндегі басты мәселелер реті белгілі болғаннан кейін біліктілік мәселелері – профессор ғылыми атағына ұсыну туралы бас ғалым хатшы Ләззат Маратқызы мен 28 мамыр күні өткізілген Түлектер күні нәтижесі жөнінде әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Ерболқызының ақпараттары тыңдалды.

Сондай-ақ мамыр айының соңғы дүйсенбісінде өткізілген Ғылыми кеңес және ректорат отырысында журналистика, химия және химиялық технологиялар, тарих, археология және этнология факультетінің студенттеріне арнайы шәкіратқылар тағайындалды.

Қаламқас АМАНҚОСОВА

# Наследие Аль-Фараби изучают в Китае

Продолжение. Начало на 1 стр.

Одним из важных направлений работы Институтов Конфуция является расширение возможностей сотрудничества между университетами-партнерами. Благодаря тесному контакту с Ланьчжоуским университетом, сегодня КазНУ осуществляет академический обмен студентами, подготовку специалистов по программе двудипломного образования, ученые и преподаватели принимают участие в научных конференциях, осуществляют совместные проекты.

«Сегодня мы с китайскими коллегами представляем результат одного совместного проекта, целью которого является распространение наследия Великого мыслителя Востока Абу Насра аль-Фараби. Библиотечный фонд Института пополнился уникальным выпуском учебного пособия на китайском языке «Аль-Фараби и современность», — сказал первый проректор КазНУ Мухамбеткали Буркитбаев.

«Мы намерены расширить сотрудничество в образовательной и научной сфере, придать новый импульс



многостороннему сотрудничеству наших стран», — отметил проректор Ланьчжоуского университета Пан Бау Тиен.

Успешная деятельность Института Конфуция при КазНУ, который является ведущим центром подготовки высококвалифицированных специалистов по китайскому языку в Республике

Казахстан, — это результат многолетнего сотрудничества и совместных усилий Казахского национального университета и Ланьчжоуского университета.

На встрече стороны единогласно поддержали предложение совместно организовать Летнюю языковую школу в КазНУ.

**Айкерим КАМАЛДИНОВА**

Биология және биотехнология факультеті биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының докторанттары 28 мамыр – Түлектер күніне орай биотехнология алаңында шырша көшеттерін отырғызды.

## УТЖ ШАРА

Ігі шараға қатысқан кафедра менгерушілері мен факультет оқытушылары докторанттардың қадамын қолдап, бұл отырғызылған ағаштардың болашақта көбейіп, ҚазҰУ қалашығының гүлдене түсуіне үлес қосатынын атап өтті.

Шара ұйымдастырушысы 1-курс докторанты Айбек Қапланбекұлы: «Бұл жобаның мақсаты — туған университетіміз ҚазҰУ-ды жасылдандыру, екіншіден, естелік ретінде артымыздан өсіп келе жатқан жастарға мұра қалдыру. Біз бітіріп кетсек те, осы отырғызған ағаштарымыз көптеген жылдар бойы өсіп өнеді, айналасындағы адамдарға қызмет етеді деген оймен шыршаларымызды отырғыздық», — деді.

Келешекте бұл биотехнология алаңы кішігірім аллеяға айналады деген сенімдеміз. Ал, біз, болашақ ҚазҰУ түлектері докторанттар бастаған іс-шараны өз тарапымыздан жалғастыруға тиіспіз деп ойлаймын. Себебі, табиғатқа қамқорлық жасау — баршамыздың міндетіміз!

**Арайлым МҰХАМЕДИЯРҚЫЗЫ,**  
журналистика факультетінің  
2-курс студенті

23 мамырда Оңтүстік-Орал мемлекеттік университетінің алаңында «Мәңгі өлмейтін полк – тыл батырлары: Ресей мен Қазақстан – ортақ Ұлы Жеңіс» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

## ҰЛЫ ЕРЛІК ЕСТЕЛІКТЕРІ

«Еуразиялық достастық» әлеуметтік-экономикалық даму қоры, Оңтүстік-Орал мемлекеттік университеті, «Азамат» казак қоғамдық орталығы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ұйымдастыруымен өткен дөңгелек үстелде әр елдерден келген ғалымдар өз ойларын ортаға салды. Жиын қатысушылары Ұлы Жеңістің Қазақстан мен Ресейге, жалпы ТМД елдеріне ортақ екендігін алға тартты. Ұлы Отан соғысы мен Ұлы Жеңістің жиі насихатталуынан өскелең ұрпақтың азат болуға ұмтылып өсетіндігі айтылды.

«Еуразиялық достастық» қорының сарапшысы, тарих ғылымдарының докторы Игорь Вячеславович Сибиряков өз сөзінде Қазақстан майданның мықты арсеналына айналғандығын, елдің Еуропа бөлігінен Қазақстан қалаларында 220-ға жуық қорғаныс мекемелері ұйымдастырылғанын атап өтті.


Халықаралық деңгейде өткен бұл дөңгелек үстелге әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, тарих ғылымдарының докторы Ләйла Сейсембекқызы Ахметова қатысып, тыл жұмысшыларының ұлы ерліктері туралы тарихи естелікті сақтау жөнінде баяндама оқыды.

Бұл естелік Ресей мен Қазақстан халқын ұлттық ерекшеліктеріне, сенімі мен жасына карамастан біріктіретіні сөзсіз. Сондай-ақ бұл шара ТМД елдері мен жақын шет елдер арасындағы байланыстың берік болуына әсер етеді.

**Елназ КАПАРОВА,**  
Студенттік баспасөз орталығы

## 256 СЕРТИФИКАТОВ Hewlett-Packard для КазНУ

На механико-математическом факультете КазНУ в 2013 году ректором КазНУ Галымом Мутановым и Директором департамента растущих рынков компании Hewlett-Packard (HP) Вольфгангом Виттмером был подписан Меморандум о взаимопонимании.



Согласно меморандуму в КазНУ функционирует Центр HP, целью которого является подготовка высококвалифицированных специалистов, совершенствование знаний и навыков студентов и преподавателей с использованием современных программ обучения на базе технологий HP. Центр оснащен оборудованием и программным обеспечением последнего поколения, предоставленным компанией HP.

На сегодняшний день компания HP является мировым лидером среди IT-компаний и предоставляет полное портфолио IT-продуктов: устройства печати и обработки изображений, персональные компьютеры, ноутбуки, программное обеспечение, сервисные услуги, консалтинговые услуги по построению цельных и защищенных IT-инфраструктур и облачных решений.

Одной из задач центра является подготовка специалистов по программам обучения, предоставляемым компанией HP, в том числе программой HP As-

credited Technical Associate (ATA) — HP Аккредитованный технический специалист. В современной бизнес-среде работодатели ищут сотрудников с деловой хваткой и набором IT-знаний и навыков, которые позволяют построить полностью законченные решения для заказчика. Сертификация HP ATA позволяет студентам и молодым специалистам получить полный набор знаний, которые помогут в будущем найти работу в малом и среднем бизнесе.

Сертификация HP ATA охватывает такие сегменты IT-сферы, как: Connected Devices (Подключенные устройства); Networks (Компьютерные сети); Servers and Storage (Серверы и системы хранения данных); Cloud (Облачные решения).

Сертификация HP ATA готовит слушателей к карьере в таких IT-должностях, как IT-специалисты и сетевые администраторы, системные инженеры, системные администраторы, специалисты по построению сетевых, серверных и облачных решений, специалисты технической поддержки.

Первая группа обучающихся по программе HP ATA прошла обучение в 2014 году, в результате 15 слушателей получили сертификаты международного образца от компании HP. Начиная с осени 2015 года на механико-математическом факультете КазНУ были созданы новые учебные группы. Все учебно-методические материалы были предоставлены компанией HP на английском языке. Таким образом, для усвоения материала, помимо базовых знаний и навыков в области информационных технологий,

необходимо было владеть и техническим английским языком. Материалы программы освещали следующие темы: разработка и внедрение решений для мобильных устройств, установка и конфигурация сетевых решений, построение проводных и беспроводных сетевых решений, администрирование и устранение технических проблем, разработка и внедрение облачных решений.

Для успешной подготовки групп к сертификации центром были организованы регулярные занятия, проводились тесты, пробные экзамены. Активность работы групп возросла весной, стимулом для слушателей стало получение сертификата международного образца. С апреля 2016 года докторанты кафедры информатики начали первыми проходить сертификационные тесты. Оказалось, что получить сертификат совсем не просто. Приходилось снова возвращаться к учебному материалу, совместно с преподавателями обсуждать сложные вопросы. Упорство, настрой на достижение результата дало свои плоды. На сегодняшний день обучение и успешную сертификацию прошли 256 слушателей, в числе которых студенты, магистранты, докторанты, преподаватели механико-математического факультета, департамента информационных технологий КазНУ.

Полученные в центре базовые знания и практические навыки предоставляют возможность для дальнейшего роста в IT-сфере, которые помогут будущим специалистам быть востребованными на рынке труда.

**М. МАНСУРОВА,**  
доцент, к.ф.-м.н.

«COMSATS» ұйымы үйлестіру кеңесінің кезекті отырысында ҚазҰУ-дың біржылдық жұмысының қорытындысы тыңдалды

# Индийские кадеты в КазНУ

Недавно военную кафедру КазНУ посетила делегация кадетов Национального Кадетского Корпуса Республики Индия. Визит прошел в соответствии с Меморандумом о сотрудничестве между Казахским национальным университетом и Национальным Кадетским Корпусом.



Программа визита была насыщена официальными, учебно-познавательными и культурными мероприятиями. В ходе встречи Первый проректор КазНУ М.М. Буркитбаев рассказал о истории, достижениях и перспективах развития университета как флагмана высшей школы Казахстана. Индийская делегация ознакомилась с некоторыми объектами университета – музеем, Научной библиотекой и Центром обслуживания студентов "Керемет".

При посещении кадетами военной кафедры КазНУ начальник кафедры полковник О.В. Ажимов ознакомил с подготовкой студентов на военных кафедрах вузов Казахстана, историей военной кафедры старейшего вуза страны. Члены делегации осмотрели учебно-материальную базу кафедры, ознакомились с открытым к 24-й годовщине создания Вооруженных Сил РК кабинетом военно-патриотического воспитания и именными аудиториями народных батыров Казахстана Б. Момышулы и С. Нурмагамбетова. С интересом были организованы и проведены занятия на учебных тренажерах БМП-2, ПЗРК, интерактивном лазерном тире, в учебных аудиториях по тактической подготовке, военной топографии и военной истории.

Ярким событием визита явилось посещение кадетами специализированного лицея "Арыстан". Руководитель лицея, доктор педагогических наук, действительный член Академии военных наук РК генерал-майор в отставке С.С. Тауланов показал индийской делегации значимые объекты лицея. В ходе встречи, лицеисты выступили с концертными номерами, продемонстрировали строевые приемы с оружием. Интересно и

эмоционально прошли состязания между индийскими кадетами и лицеистами по плаванию, баскетболу, шахматам и стрельбе.

Насыщенной и интересной была культурная программа визита, кадеты посетили Центральный государственный музей, парк им. Первого Президента РК, Парк им. 28-героев Панфиловцев, крупные торговые центры Алматы, возложили цветы к монументу Независимости РК и памятнику Махатма Ганди.

В завершение визита был проведен круглый стол, в ходе которого начальник военной кафедры КазНУ полковник О.В. Ажимов подвел итоги встречи и выразил уверенность в дальнейшем сотрудничестве. В свою очередь, руководитель индийской делегации полковник Кирпал Сингх высказал сердечную благодарность руководству военной кафедры и всем организаторам мероприятий.

Каждому члену индийской делегации были вручены памятные подарки с государственной символикой Республики Казахстан, логотипами КазНУ и военной кафедры.

**Э.А. БЕЙСЕТБАЕВА,**  
начальник отдела военно-патриотической и оборонно-массовой работы военной кафедры

## Бақытты болу үшін жараландар

Университеттегі «Айналанды нұрландыр» жобасы – ізгі бастамалардың бірі. Осы жоба аясында күні кеше «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының екінші топ студенттері Қазақ әдебиетінің тарихы мен әдебиет теориясы кафедрасы ұстаздарының қолдауымен қаламыздағы арнайы мамандандырылған «Жанұя» балалар кешеніне барып, көмек қолын созып қайтты.

Студенттер балалардың компьютерлік сыныптарын жабдықтауға көмек болсын деп, біршама құлаққаптар үлестірді. Сонымен қоса, сол жерде аяғы қатты жараланған бір қызға емделуіне қаржылай көмек берілді. Балалардың қуаныш үйірілген жүздерін көргенде еріксіз көзге жас келеді екен. Балалар үйінің басшылығы алғысын молынан білдіріп жатты. «ҚазҰУ», «филология факультетіненбіз» дегенімізде, «О, қандай жақсы! ҚазҰУ бізге көп келіп тұрады. Соның ішінде филологтар – біздің досымыз!» – деген жауап алғанда бәріміз бір қуанып қалдық. Филология және әлем тілдері факультетінде ізгі жандардың көптігіне қуандық. Жүрегінде тамшыдай мейірімнің бөлшегі бар әр азамат осындай сауапты істер жасауға ынтық тұратынына күмәніміз жоқ. Іштей бәріміз «мына балалардың бәрі ата-анасын тауып, бақытты болса екен» деп тілеп қайттық.

Жетім көрсек қашанда жебеп жүрейік, ағайын! Себебі сәбидің бәрі бақытты болу үшін жаралған!

**Шокан ШОРТАНБАЕВ,**  
аға оқытушы;  
**Айдын ТИЛІАБЕК,**  
2-курс студенті

## Келешекке бастайтын жол

Жалғасы. Басы 1-бетте

Мұны жақсы үрдіс деп қабылдауға болады. Себебі, мұндай басқосулар дарынды жастардың бағын ашуға септігін тигізери анық», – деді.

Ал, Түркия мемлекетінің Алматыдағы Бас консулы Рыза Қаған Йылмаз осындай іс-шаралардың екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтатындығын атап өтті. Телевидение және радио Жоғары Кеңесінің (RTÜK) төрағасы, профессор Ильхан Йерликая мырза «Келешекпен байланыс» медиа конгресі барысында түркі тілдес елдердің білім, ғылым, мәдениетін насихаттау үшін ҚазҰУ-мен бірлесе отырып, ортақ медиа платформа құру туралы мәмілеге келгенін айтты. Оның пікірінше, дүние жүзінде бо-лып жатқан түрлі оқиғаларға шынайы баға беріп, сол жайында дұрыс қоғамдық пікір қалыптастыратын БАҚ өкілдерінің рөлі мен алар орны ерекше. Сондықтан түркі тілдес елдердің ынтымақтастығын күшейту керек. Өткізіліп отырған конгресс, әсіресе, жас журналистер үшін үлкен мектеп екенін атап өтті. Университет тарапынан журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубекұлы конгрестің маңыздылығын атай отырып, өзі басқарып отырған факультеттің өткені мен бүгіні туралы баяндама жасады.

Шара соңында сөз алған, түрік елінде докторантурада оқып жатқан жерлесіміз Гүлнәр Нәбиева екі ел арасындағы білім саласындағы біраз мәліметтерге тоқтала отырып, сегізінші жыл қатарынан өтіп жатқан конгрестің жұмысы жайлы баяндады. «Келешекпен байланыс» медиа конгресі идеясын жарыққа шығарудағы



мақсат – сөз құдіретін бағалап, өз болашағын осы әлемнің биігінен көруге талпынған бауырлас елге дұрыс жол нұсқап, бағыт беру екендігін айтты.

Конгреске қатысып отырған делегация мүшелері, оның ішінде болашақ жас журналистердің жаңаны білуге деген құлшынысы анық байқалды. Олардың өз ісінің шебері болуға деген ұмтылыстары жан-жақты қолдау табуға. Белгілі бір кәсіби деңгейге көтерілу үшін ізденіс, содан кейін, әрине, тәжірибе керек десек, конгрестің өзгешелігі – мұнда әр жас журналист өзінің қабілетін байқатып қана қоймайды, ел аралап тәжірибе алмасуға,

оқытушылардың ақыл-кеңесін тындап, шеберлігін шындауға мүмкіндік алады. Олар өз идеялары мен ой-пікірлерін жария етіп қана қоймай, кәсіби деңгейде жүзеге асыруға машықтанады. Сондықтан мұндай игілігі мол кездесулер жастар үшін аса қажет. Шараға мұрындық болып отырған бас ұйымдастырушы – Түркия мемлекетінің Телевидение және радио Жоғары Кеңесінің (RTÜK) де көздеген мақсаты осы. Кездесуден соң Түркия жастары өз елінде баспасөз, теле және радиода арнайы материалдар дайындайтын болады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

**Олжас Сулейменов награжден медалью КазНУ под номером ОДИН - «Выдающийся выпускник»**

# Ғстаз Жайлы үзік сыр



**ҚР ҒҒА академигі, биология ғылымдарының докторы, профессор, ҚазҰУ-дың гистология және цитология кафедрасын көп жылдар бойы басқарған, Ұлы Отан соғысының ардагері, үлкен ғалым, ұстаз Төлеген Мәсенұлы Мәсенов туралы естелік ұсынушылар – сол кісінің шәкірттері.**

беделді ғалымдар жұмыс істеді. Олар Төлеген Мәсенұлының профессор, ғалым ретінде қалыптасуына белсенді ықпал жасады. Әсіресе, Төлеген Мәсеновтің КСРО академигі Б.А. Домбровскиймен араласуы оның шығармашылық жолында үлкен із қалдырды, ол өмірінің соңына дейін өзінің ұстазы жайында үлкен құрметпен айтып отыратын. Сондықтан болу керек, биодинамика жайындағы Т.Мәсеновтің негізгі ойлары ұстазының еңбектеріне рухани жағынан жақын болып келеді.

Т.Мәсенов ғалым, педагог және адам ретінде қандай болды? Бұл сұраққа жауап іздейтін болсақ, сырттай қарағанда сабырлы, мейірімді, қарапайым кісі, бірақ кейде ол эмоционалды және темпераментті болып кететін. Ол бізді өзінің тыңдаушысының ойын дәл түсініп, нақты жауап беруімен танқалдыратын. Ол барлығын есте сақтайтын, тіпті біреудің айтқан сөзін де, биологиялық теориялар мен концепциялардың мағынасын, үлкен көлемдегі материалдарды да ұмытпайтын.

Ол күнделікті қара жұмыстан қашпайтын, көп және табанды жұмыс жасайтын адам болған. Біз онымен Алматы ет комбинатында гибридті шошқа тұқымының органынан материал алғанымыз есімде. Біз жақсы физикалық формадағы студент бола тұрсақта, үзіліссіз, түстік ішпей демалысыз жұмыс істегеннен кешке таман арқа мен саусақтарымыз қатты ауырып катып қалғандай болатын. Ал Т.Мәсенов болса, ол кезде жасы елуден асқан, біздің жанымызда тыптыныш, шаршауды білмей, жұмысын жасап отыратын. Ол өте көп оқыған және әртүрлі ғылыми семинарларға қатысуды жақсы көретін. Бұның барлығы оның кең ойлау қабілеттілігін анықтап, ғылыми мақалалар мен баяндамалардың мәнін тез қағып алуына септігін тигізді. Сөзсіз, ол, әсіресе, салыстырмалы морфологияның қыр сырын өте жақсы білетін ірі биолог ғалым болды.

